**Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 29 желтоқсан N 1418

"2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңына , "Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінің қаражатын пайдаланудың тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 18 қыркүйектегі N 1408 қаулысына сәйкес және материалдық әрі моральдық нұқсанды өтеу туралы азаматтық іс жүргізу тәртібімен шығарылған сот шешімдерін орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне 2002 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасы Үкіметінің, орталық мемлекеттік органдардың және олардың аумақтық бөлімшелерінің сот шешімдері бойынша міндеттемелерін өтеуге көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қосымшаға сәйкес сот шешімдерін орындау үшін 600 663 (алты жүз мың алты жүз алпыс үш) теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1418 қаулысына
қосымша

**Азаматтық істер бойынша орындалуы тиіс сот шешімдерінің тізбесі**

| Р/с N | Сот органының атауы және шешім шығарылған күн | Талапкердің Т.А.Ә. | Мемлекеттік баж | Мемлекеттік баж (теңге) шегерілген сома (теңге) |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Өскемен қалалық | Ю.А. Пащенко | 100 000 | 663 |

сотының 07.02.2001 жылғы шешімі
Астана қаласы Алматы аудандық сотының 02.12.2002 жылғы ұйғарымы

2. Ақмола облыстық Қ.Ғ. Сердалина 500 000 -
соты төралқасының 19.03.2002 жылғы шешімі
Астана қаласы Алматы аудандық сотының 02.12.2002 жылғы ұйғарымы

Жиыны 600 000 663

Жалпы сомасы 600 663

-----------------------------------------------------------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК